

Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша

Талдамалық анықтамасы

Түркістан қаласы

09.07.2024 жыл.

Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26-желтоқсандағы № 986 Жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19-қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі төрағасының 2023 жылғы 16-қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауды жүргізу «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның директоры А.Кенеханның 2024 жылғы 8-сәуірдегі № 27-Н бұйрығына сәйкес, бас әкімші-маман Ж.Аманкельдиева, кадр инспекторы У.Батырбекова, бас бухгалтер А.Нургиса, заң консультанты А.Еспан, дәрігер Б.Сары жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты:

1. Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін өкілеттілік пен нормаларды анықтау;
2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
4. Бақылау функцияларын іске асыру;

Талдамалық анықтама: Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 17-бабы 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Мекеменің штат саны-202 болып бекітілген, жалпы 6-бөлім жұмыс жасайды:

- 1-әкімшілік бөлім;
- 2-көркемдік персонал;
- 3-ақпараттық - жарнамалық қамтамасыз ету бөлімі;
- 4-мәдени және бос уақытты өткізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру бөлімі;
- 5-би ұжымы;
- 6-шаруашылық - техникалық қамтамасыз ету бөлімі.

Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның тарапынан нормативтік құқықтық актілер шығарылмайды.

2024 жылдың жарты жылдық қортындысымен әкімшілік шаруашылық мәселелері және жеке құрам бойынша-140 бұйрық, негізгі қызмет бойынша - 58 бұйрық шығарылған. Жалпы-121 қызметкер, оның -116 жұмыс атқаруда. Бала күтіміне байланысты-5 қызметкер ақысыз демалыста. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттемелері бекітілген, біліктілікке қойылатын талаптарға сай қызмет атқарады.

Талдау кезеңінде құқықтық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері орын алған жоқ.

2024 жылдың жарты жылдық қорытындысымен 15-қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды, 20-қызметкер жұмысқа қабылданды. 2023-2024 жылдар аралығында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

2021 жылы «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-да «Кәсіподақ» құрылды. Кәсіподақ Түркістан облысы Әділет департаментінен тіркеуден өткен. Кәсіподақ атауы «Конгресс Холл көпсалалы кешенінің кәсіподағы» деп аталады. Қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын кәсіподақ төрайымы Манатова Меруерт Бахитовна тағайындалды.

2024 жылдың жарты жылдық қорытындысымен, мекемеге Е-өтініш порталы арқылы өтініш келіп түспеген.

Кешеніміздің филиалдары, бағынысты ұйымдары жоқ. 2024 жылы мекемеге бөлінген қаржы 100% игерілген. Мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасына сәйкес жүргізілуде, сыбайлас жемқорлықтың көріністері байқалмайды.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

1. Кешеніміз концерттік ұйым болғандықтан келісім шарт бойынша жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер, заңды тұлғалармен іс-шара, концерттер өткізу барысында билет сату кезінде кассир мен билет сатып алушы тұлға арасында бетпе бет қарым-қатнасқа түспейді. Билет сату құқығы жалдаушының жауапкершілігінде.

Шешу мәселесі: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс офицерінің ұйым қызметкерлері арасында жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек заңы бойынша сыбайлас жемқорлық заңына

түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кассалық билеттерді тек электронды портал арқылы сатылуын қамтамасыз ету.

Бухгалтерияға байланысты: 2024 жылдың 15-і мамырында мекемеге әлеуметтік аударымдардың есептеу объектісі (табысы) міндетті зейнетақы жарналарының есептелген сомасымен сәйкес болмауы анықталған туралы хат түскен болатын. Бас бухгалтер бұл мәселемен жұмыс жасап, бір айдың зейнетақы аударымын толық жіберді.

Мекеме қызметкерлеріне қосымша жүктелген жұмыстарға белгіленген үстемақы беруде заңнама талаптары сақталмаған;

Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған;

Мекемеде өткізілетін ақылы іс-шаралардың келісім шарттары дұрыс сақталмаған;

Шешу мәселесі: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс офицерінің ұйым қызметкерлері арасында жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек заңы бойынша сыбайлас жемқорлық заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кассалық билеттерді тек электронды портал арқылы сатылуын қамтамасыз ету.

«Конгресс Холл көпсалалы кешені»
МККК-ның директоры м.у.а


Директор орынбасары

Бас әкімші-маман

Бас есепші

Кадр инспекторы

Дәрігер



Г.Бекбенбет

А.Турекулов

Ж.Аманкельдиева

А.Нургиса

У.Батырбекова

Б.Сары